«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС
2023-2024 оқу жылындағы тәрбие құндылықтарының
қорытындысына талдау

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС бойынша 2023-2024 оқу жылдарында әр жыл сайын тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, бекітілді.

ҚҰРЫЛЫМЫ

1.Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

2.Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:

3. 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 2 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығымен құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары

НЕГІЗІ

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

ЖОСПАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

-Сынып жетекшілермен жұмыс
-Ата-аналармен жұмыс
- «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясындағы жұмыстар
- Мектеп инспекторларымен жұмыс
-Құндылықтарды насихаттау жұмыстары
-Дәстүрлі тәрбиелік шаралар
-Тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар
- Құқықтық тәрбие бағытындағы жұмыстар
- Мектеп парламентімен бірлескен жұмыс
-Мектепішілік ұйымдармен жұмыс
-Қоғамдық білестіктермен жұмыс

Негізгі құндылықтар:

Креативтілік - жаңа идеяларды тудыру және оларды өмірге енгізу қабілеті; Критикалық ойлау. Дамуға ынталандыру - таным процесінің өзі арқылы қуаныш; мүмкіндіктердің кеңеюі.

Мәдениет – Этика; Этикет; өнерді түсіну; Эмоционалды интеллект; тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті.

Ұлттық өзін-өзі анықтау - өз халқына қатысты жауапкершілікті сезіну; Қазақстан тарихын білу; қазақ тілін білу; қазақ ұлттық дәстүрлері мен өзінің этносының

дәстүрлерін білу.

Жауапкершілік - өзіне жауапкершілік; өз жұмысының нәтижесіне жауапкершілік;

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасының Конституциясы

-«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;

-Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

-Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы

-«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV

-2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы

-«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345

-«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV

-«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI

-«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

- «Мәңгілік ел» идеясының жобасы

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы » заңы

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы,

-Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді.

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы»)
-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы).

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға,отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияионалды тұрақтылыққа баулу
5. Табиағтқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баул

Күтілетін нәтиже:

1.Ата –анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды,отбасы мен берекесін қадірлейді.
2.Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды
3.Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі,ар ұятты жоғары бағалайды.
4.Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.

5.Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
Тәрбие жұмыстары сынып жетекшілер бірлестігінің, «Жас Қыран» балалар ұйымының жұмысы, педагог-психологтың жұмысы, сынып жетекшілер және үйірме сабақтары арқылы жүзеге асады. Тәрбие жұмысы отбасы, мектеп, қоғам тығыз байланыста болып жүргізген жағдайда ғана сапалы болмақ.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
ТАЛАП
АР ҰЯТ

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.





2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады. Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және саяхаттар т.б. негізінде жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және ашық тәрбие сағатары негізінде жүзеге асырылады. Мектеп құндылықтарын насихаттауға бағытталған мектепішілік шаралар да ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылында өткізілген негізгі шаралар:

Алғашқы қоңырау Қала күні
Қазақстан халықтарының Тілдер күні
Халықаралық қарттар күні
Мұғалімдер күні
ҚР күні
«Күзгі бал»
РК Тәуелсіздік күні
Жаңа жылдық шаралар (1-4 сыныптар)
Алғыс айту күні
Халықаралық әйелдер күні 8 Наурыз
«Наурыз мейрамы»
Қазақстан халықтарының достық фестивалі (Қазақстан халқының бірлігі күніне орай)
Ғарышкерлер күні
Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған шаралар
Соңғы қоңырау

2023-2024 оқу жылы

Тәрбие құндылықтары негізінде 1 қыркүйек «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салттанаты іс-шарасы өткізілді. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;
- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Мемлекеттік туды алып шығу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізілді. Іс-шараға 1-4 сынып оқушылары қатысып, 2-4 сыныптарда жалпы құндылықтарды түсіндіру туралы сынып сағаттарын өтумен аяқталды.

Сынып сағаттары-сынып жетекшінің тәрбие жұмысының негізгі формаларының бірі ретінде мектепте ТЖ бойынша жалпы мектеп жоспарына сәйкес өткізіледі. 2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Мектеп пен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнатылған. Балалардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін ата-аналармен демалыс күндеріне және күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс алдында жиналыс өткізіліп тұрады. Мектебімізде 12 қыркүйек күні мектепішілік жалпы ата-аналары жиналысы өтті.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана

Тақырыбы: «Баланың бас ұстазы – Ата-ана»

Мақсаты: Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыпасуына үлкен әсер етуін атап өту.

Міндеті: балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ана жауапкершілігі,мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Күн тәртібінде:

1. «Бала игілігі үшін» психологиялық түсіндірме жұмысы.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру ДТІЖО

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 25 қыркүйек күні «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» сынып сағаттары және 27 қыркүйек күні «Жол тәртібін білейік , аман-есен жүрейік» атты сахналық көрініс өткізудің іс-шарасы жасалып бекітіліп, 1-4 сыныптар аралығында сахналық көрініс өткізілді. Мақсаты:

1. Оқушыларға жол ережесін менгеру.
2. Бағдаршамның қызметін толық таныту жаяу жүргіншілер жолынан өту ережесін қатаң сақтауды үйрету .
3. Жол белгілерімен таныстыру.

Жолда жүру ережелеріне байланысты жол қозғалыс ережелерін түсіндіру негізінде 1-4 сыныптар аралығында бейнероликтер көрсетіліп, «Жолда жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында әр сыныпта кеңінен сынып сағатын өтті. 1-4 сыныптарды аралау кезінде, жолда жүру ережесі жайлы сынып жетекшілер тарапынан түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізіледі және сынып сағаттарында жол жолақтарынан ары аспау, жолдан үлкендердің көмегімен өту сияқты мәселелер жөнінде оқушыларға жол ережесін сақтауға аса зор көңіл бөлінеді.Оқушылар кез келген көліктің алдын кесіп өтуге болмайтынын көлікке мінген кезде де , жаяу жүрген кезде де үнемі жол ережесін бузуға болмайтындығын ролге бөліп көрсетті.

5 –қыркүйек – А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында 2-4 сынып оқушылары арасында апталық ұйымдастырылды.

Апталықтың іс-шарасы бекітіліп, ашылуы салтанатты түрде өткізілді. Оқушылар ақындардың өлеңдерін оқып, ән айтып, әр халықтың ұлттық билерін биледі. 6 қыркүйек күні 2-4 сынып оқушылары арасында Г.Қасымбекова мен Г.Айтмурзаеваның ұйымдастыруымен «Ойлы болсаң, озып көр» интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыстың нәтижесінде мақал айту бөлімі бойынша 2 «б» сынып оқушысы Айдарбек Айсұлтан 1 орын, берілген сөзді үш тілде аудармасын айту бөлімі бойынша 3 «б» сынып оқушылары 1 орынды иеленді. 8 қыркүйек 3-4 сынып оқушылары аралығында «Тіл ұлттың жаны» мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп, нәтижесінде «Дода» кезеңі бойынша жақсы нәтиже көрсеткені үшін 4 «а» сынып оқушысы Ернияз Көркемай , мәнерлеп оқу кезеңі бойынша жүлделі 1 орынды 3 «А» сынып оқушысы Ерінбет Айша иеленді.

«Тілі бірдің – туы бір» тақырыбында ағылшын тілі пәні бойынша 3-4 сыныптар арасында «Who is the best? » лексико-грамматикалық сайыс өткізілді. А.Сейлбекованың ұйымдастыруымен 3-4 сынып оқушылары арасында орыс тілінен «Язык душа народа» мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, қорытындысында 4 «А» сынып оқушысы Акбарова Шұғыла жүлделі 1 орынды иеленді. «Салауатты өмір салтын және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресті» насихаттау мақсатында «Дене сергіту» челленджі өтті. Челлендждің

мақсаты – оқушыларға салауатты өмір салын насихаттау, дене бітімі бұзылудың алдын алу, денсаулықтарын сақтау, жұмыс қабілеттерін арттыруға ықпал ету.

26 қыркүйек күні 3-4 оқушылар арасында діни экстримизмнің алдын алу бағытында мектептің әлеуметтік педагогы «Шет ел асып оқудың бала өміріне қаупі!» және «Дін ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» тақырыбында семинар сабақ өткізді.

Алаш азаматтарының ұлықтау «Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы » жобасы) Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай 4 сынып оқушыларымен мектеп кітапханашысы әдеби кеш өткізді. Мақсаты: Мағжан шығармаларын үлгі ете отырып, Отансүйгішікке тәрбиелеу. Кеште Мағжан өмірінен бейнеролик көрсетіп, оқушыларға шығармаларымен таныстырды.

1қазан – Халықаралық қарттар күніне орай мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер бірлесе ұйымдастырып «Қарты бар үй, қазыналы үй» мектепішілік қарт кісілер тізбесін анықтап, отбасыларына барып, мерекелерімен құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады. Жақсы сөзбен, жақсы ниетпен ата- әженің ақ батысын алды.

5 –қазан Халықаралық мұғалімдер күніне орай 1-4 сыныптарда «Ұстаз ұлағатты есім» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларға ұстазды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауды үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді.Ұстаздар туралы тақпақтар, әндер орындады. 4 «А», 4 «Ә» сынып оқушыларымен «Ұстазыма мың алғыс» челленджі ұйымдастырылды.Челленджде «Ұстазым» әні орындалды. Мектеп директоры өткен оқу жылында атқарған нәтижелі еңбектерін бағалап ұстаздарды Алғыс хатпен марапаттады.

Адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, халқына адал қызмет ету, Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында 23 қазан күні мектеп оқушылары арасында А.Құнанбаев өмірі жайлы әдеби кеш өткізді. Кеште А.Құнанбаевтың өмірі, қара сөздері, жаттаулары, аудармалары айтылды. Оқушыларға еліміздің рәміздерінің мағынасын терең түсіне білуге мемлекеттік рәміздердің авторларының өмірбаяндарын, еңбек жолдарын үйрету, өз ойын дұрыс

жеткізуге ынталандыру мақсатында тәрбие құндылықтарына негізделген 9 айға 9 іс-шара жоспары бойынша 25 қазан Республика күніне орай мектеп оқушыларының қатысуымен «Әнұран айту» челленджі өтті. Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету. Міндеттері:еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету; білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.

1 «в» сынып оқушыларымен «Мен Отанның бақыты ұлымын» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізіп, оқушылардың бойында патриоттық сезім қалыптастырды. «Алтын күз» мерекесін атап өту мақсатында іс-шара жоспары жасалып, 3 сынып оқушы қыздары арасында «Алтын күз» байқауы өткізілді. Байқау 5 кезеңнен құралып, 6 ару қыз қатысты. Байқау нәтижесінде барлық қыздар номинация бойынша марапатталып, «Күз ханшайымы» номинациясын Жұмабек Айсезім иеленді.

26 қазан күні 1-4 сыныптар аралығында «Күз - мереке, күз-береке » (қолдан жасалған күз көрінісі) көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық сынып оқушылар астық дәндерден жасалған қолөнер бұйымдарын ұсынды.

Спорттық ойындар күні қарсаңында 1 сынып жетекшілері мен денешынықтыру пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен 1 «а,б» сынып оқушыларын салауатты өмір салтын ұстануға баулу мақсатында «Көңілді эстафета» жарысы өтті. Ойын түрінен командалық есеп бойынша ұтқан жеңімпаздарда бар. Оларды жарыс соңында мадақтау қағаздарымен марапаттап, командалармен естелікке суретке түсті. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында мектептің әлеуметтік педагогының ұйымдасыруымен мекеп қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу мақсатына байланысты сауалнамалар алынды. Тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі: отбасы тәрбиесі. Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары- сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбилеу жауапкершілігін арттыру. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізделген отбасы күніне арналған отбасы құндылықтарын ұғындыру мақсатта «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға тәрбие беруде ерекше рөл атқаратын орта-отбасы. Отбасында ата-ананың балаға берері мол, бала ата-анаға еліктеп өседі. Оқушыларға отбасы мүшелерінің татулығы, отбасындағы татулыққа әр отбасының қосар үлесі, ата-ананың рөлі т.б. тақырыптарда ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. 5 қараша мен 5 желтоқсан аралығында «АИТВ/ЖИТС – адамзаттың өзекті мәселесі» атты ЖИТС/АИТВ алдын алу бойынша айлық жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. 6-7 қараша күні 1- 4 бастауыш сыныптар арасында «Нашақорлық, темекі және ішімдік – құрдымға бастар үш баспалдақ» тақырыптарында сынып сағаттар өтілді. 14 қараша күні мектеп медбикесі А.Ташмуратова мектеп оқушыларына «Әлемге төнген қасірет» атты баяндама оқып, оқушыларға темекі,арақ,есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасына айналып отырған кеселдердің залалын , зиянды заттардан аулақ болуды атап көрсетті. 21 қараша күні мектеп психологы Ұ.Тұрлыбекова «ЖИТС бұл.. Өзіңді қалай сақтау керек» атты дөңгелек үстел, 13-20 қараша

аралығында 1-4 сыныптарда «Отбасылық дәсүрлер» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.Жиналысқа ДТІЖО және мектеп психологы қатысты, мектеп психологы А.Тұрлыбек ата-аналармен психологиялық тренинг жүргізді. 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай сынып жетекші 4 «ә» оқушыларымен «Ұлттық теңге – Тәуелсіздігімнің нышаны» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.Теңгенің шығу тарихы жайында презентация , әр елдің валюталары, мақал-мәтел, көрініспен қамтыды.

17 қараша күні білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау, және ұлттық ойынды дәріптеу мақсатында денешынықтыру пән мұғалімі Е.Әліхан “АСЫҚ-АТУ” челленджі ұйымдастырып, оқушыларды асық ату бойынша жарыстырды. 23 қараша күні денешынықтыру пән мұғалімі Б. Асилбеков 3-4 сынып оқушылары арасында «Тоғызқұмалақ Day» жарысы өтті. Мақсаты: оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.



24 қараша күні 1-4 сыныптар аралығында жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім қалыптастыру, Отанға сүйіспеншілігін және әскери қызмет етуге деген ынталарын арттыру мақсатында «Жас сарбаз» әскери патриоттық әндер байқауы болды. Байқау нәтижесінде Бас жүлде 2 «ә» сынып оқушылары иеленді, сынып жетекшісі Р. Азимова.1 орын – 1 «ә» сынып, жетекшісі П.Мусакулова,

3 «а» сынып оқушылары жетекшісі Д.Шарипбай .2 орын - 3 «ә» сынып, жетекшісі Г.Шорабекова , 4 «а» сынып оқушылары жетекшісі Г.Қасымбекова. 3 орын - 2 «б» сынып, жетекшісі М.Айтбаева , 1 «в» сынып оқушылары жетекшісі А.Калаева , жетекшісі Ж.Айтенова 2 «а» сынып оқушылары марапатталды.

7 желтоқсан күні 4 «а» сынып оқушыларымен Г.Қасымбекова «Бата-ұлттық тәлім тәрбиенің бастауы» тақырыбында сынып сағатын өткізді.Мақсаты: батаны өмірде қолдана білуге, бата беріп үйренуге, имандылыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге баулу.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында Мемлекеттік Рәміздерді құрметтеу, насихаттау және дұрыс қолдану бағытында «Көк тудың желбірегені» атты тақырыпта 1- 4 сыныптар арасында суреттер көрмесі жасалып, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-4 сыныптарда «Ел аңсаған Тәуелсіздік» тақырыбында сынып сағаттар өтті. Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету мақсатында 2 «ә» сынып жетекшісі Р.Азимова «Тәуелсіздік тірегім» тақырыбындағы ашық тәрбие сағатын жоғарғы деңгейде көрсете білді .

20 желтоқсан күні оқушыларды бірыңғай «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты іс-шарасында 2023-2024 оқу жылында «Жас Қыран» ұйымына өтуге 63 оқушы ант қабылдады.

Мектеп табалдырығын аттаған бүлшіршіндер алғаш қолына Әліппе оқулығын алып, хат таныды. 21 желтоқсан күні «Қош бол, Әліппе» әліппемен қоштасу сынып іс-шарасы өткізіліп, оқушылар осы уақыт аралығында үйренген білімдерін және өнерлерін паш етті. Іс шараның өтілу барысы «Сәт» телеарнасынан көрсетілім тапты.

22 желтоқсан күні «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша жоспарына сәйкес «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет!» 3-4 сыныптарға директордың тәбие ісі жөніндегі орынбасары түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыста:

- Оқушылар арасындағы ойыннан өрт шығатындығы туралы;
- Кәмелетке толмағандардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеуі
- Мектеп оқушылары арасында бопсалау, әлімжеттіктік көрсетудің алдын алу;
- Жол қауіпсідігі ережелерін қатаң сақтау;

Шара барысында кешкілік уақытта заңды өкілінсіз жүрмеу, буллинг және кибербуллинг жасамау, зорлық-зомбылық әрекеттеріне бармау, кикілжің жағдаяттарға ұшырамау, салауатты өмір салтын ұстану туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ескертулер жасалынды.

27 желтоқсан күні «Қош, келдің Жаңа жыл – 2024» мерекелік іс-шара жоспары түзіліп, жоспарға сәйкес іс-шара ұйымдастырылды. Кеште мерекелік қойылымдар көрсетіліп, 1-4 оқушылары өз өнерлерін паш етті.

Жаңа жыл мерекесіне орай сынып жетекшілер ата-аналардың ватсап чаттарына демалыс күндері және мереке кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ескертпе, хабарламалар жіберілді. Сонымен қатар, сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын жасап, жаңа жылдық мереке кезінде балалардың отшашумен ойнамауы, далаға шығар алдында жол қауіпсіздігін сақтауы, мұз айдындарына жалғыз бармауы және түнгі уақытта көшеде жүрмеуі туралы ақпарат айтты. «Қауіпсіз демалыс» бейнеролигінің сілтемелері сынып жетекшілеріне вацап желісі арқылы таратылды.Қысқы каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Өз қолдарымен ашық хат» сурет салу, «Біздің обасымыздағы Жаңа жыл» фотобайқау, «Қыс» тақырыбында шығарма жазу, «Менің сүйікі ертегім» ерегілер оқу тапсырмалары беріліп, сынып жетекшілер ватсап желісі арқылы оқушылар мен ата-аналармен кері байланыс орнатып отырды. 22 қаңтар күні қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақы мағлұмат беру «Қызды қырық үйден тиым» тақырыбында М.Айтбаева қыздар жиналысын өткізді. Жиналысқа 3-4 сынып қыздары қатысып, сұрақ – жауапттар арқылы өз ойларымен бөлісті. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық ,әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында денешынықтыру пән мұғалімдері «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында спорттық жарыс өтті.

Оқушылар жарысқа белсене қатысып, жарыс соңында белсінділіктері үшін марапаталды. 26 қаңтар күні 3 «а» сынып жетекшісі Д.Шарипбай «Әдептілік, әдемілік» тақырыбындағы тәрбие сағатында әдептілік, инабаттылық, үлкенді сыйлауға, кішіге үлгі бола білуге үйретті. Оқушылар ән, хор айтып, би билеп өз өнерлерін көрсете білді.

«Оқуға құштар мектеп жобасы аясында» Қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай «Жырлайды жүрек» әдеби-сазды кеш өтті. Кеште М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, поэзия әлемінің сырын ашты. 5 ақпан күні 1-4 сынып оқушылары арасында мектепшілік «Мақатаев оқулары» байқауы ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар арасынан 24 оқушы қатысып, М.Мақатаевтың өлең жырларын мәнерлеп жатқа айтты. Байқау соңында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мектеп оқушыларын кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, өмірде, еңбекте кітап оқуды дұрыс пайдалану мақсатында мектеп кітапханашысы Д.Нұрханова және 4 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Үздік оқырман» сайысы өтті.Сайыс 4 кезең бойынша жүргізілді, сұрақ-жауаптар қою арқылы қызықты әрі тартысты өтті. «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді» атты 3-4 сынып қыздарының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды «Алғыс айту күні»- деп жариялады. 1-4 сыныптарда « Алғыс – ізгі ниет» тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Мақсаты: «Алғыс айту», «сыйластық»,

«құрмет» адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету, елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте, татулықта өмір сүруге тәрбиелеу. Сыныптар арасында өткізілген тәрбие сағаттарында оқушыларға сабақтың мақсаты түсіндіріліп, балалардың ойлары тыңдалды. «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы негізінде Наурыз мейрамына орай 1 наурыз «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» күніне орай мектеп ұжымына ізгі тілектер айтылып, алғыс білдірілді. 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Алғыс айту-парызым» челленджі орындалды.

4 наурыз күні «Әдептілік – адамгершілік әліппесі » тақырыбында 3 «ә» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. «Гүл мереке, күн мереке» 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара жоспары түзіліп, бекітілді. Жоспарға сәйкес «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» орай, «Ардақты ана, аяулы ана қымбаттым» тақырыбында 1- 4 сыныптарда сынып сағаттары өткізіліп, бейне құттықтаулар жасалды. Бейне құттықтаулар арқылы оқушылар аналарына деген сүйіспеншілігін, құрметін, ізгі ниетін көрсете білді және байқауға барлық сынып оқушылары

атсалысты. Мектебіміздің оқушылары аналарына, ұстаздарға, сыныптастарына құттықтау сөздерін жолдады. « Гүл мереке, күн мереке» атты аяулы ұстаздарды құттықтау мерекелік концертті болды, мектеп директоры ұстаздарды мерекемен құттықтап, Алғыс хатпен марапаттады.

19 наурыз күні **1**-4 сыныптар арасында "Төрлет,төл мереке Әз Наурыз"тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру көзделді.Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды.
«Ұлттық ойын-нағыз өнер түрі» тақырыбында мерекеге орай ұйымдастырылған ұлттық ойын түрлерін насихаттау үшін қол күресі, арқан тартысы, асық ату, тоғызқұмалақ ойындарында оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.Іс-шара өз деңгейінде өтті.

26 наурыз күні мұғалім - тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені, ел болашағының кілті - бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Еңбек жолын бастап жатқан жас мамандар арасында «Үздік жас маман - 2024» мектепішілік байқау өткізілді. Мақсаты сынып жетекшілермен бірге тәрбие жұмысындағы кейбір проблемаларды шешу жолдарын қарастыру арқылы жас сынып жетекшілерге бағыт -бағдар беру. 12 сәуір – Адамзаттың ғарышты бағындырған күні. Осығын орай «Қазақ ғарышкерлері» тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өткізіліп, Қазақ батырлары жайында қысқаша бейнероликтер көрсетілді. «Ғарышты бағындырған Қазақстан» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында көрме өтті. Оқушылар көрмеге аса қызығушылықпен қатысты.

Ата-салтын насихаттай отырып, нағыз жігіт бойындағы қасиеттерімен таныстыру мақсатында 22 сәуір күні Ж.Айтенова мен М.Айтбаева 3-4 сынып оқушылары арасында «Жігіт сұлтаны -2024» мектепішілік сайысы өтті. Сайысқа кезеңдері бойынша оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. Жігіт**те**ріміздің өнерлерін, мергендіктерін тамашалап, ақыл-ой тереңдігін, ой ұшқырлығын сарапқа салып Сайыс қорытындысы бойынша 1 орын - А.Құрбаналиев , 2 орын - Н.Абдуғаппар , 3 орын - Б. Қожанберді марапатталды. 23 сәуір «Дүниежүзілік кітап күніне» орай «Кітап - ақылына ақыл сұрамайтын алтын қазына» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кешке жас та болса өте зерек 4 «ә» сынып оқушылары қатысты. «Өрт кезіндегі ұстаздар құрамы, оқушылар мен техникалық жұмысшылар құрамының іс әрекеті» тақырыбында сейсможаттығу өткізілді.

Мақсаты:

•Өрт кезіндегі АҚ шараларының дайындығы мен іске асуын жалпы тексеру.
•Оқушыларға өрт кезіндегі өзін-өзі ұстау және мектептен тысқа дұрыс шығу қағидаларын қалыптастыру.

Қазақстан халықтарының бірлігі күні – мектебімізде жыл сайын тойланатын мереке. Осы мерекеге байланысты «1 мамыр –Бірлік, Ынтымақ күні» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шарада түрлі ұлт өкілдерінің билерін билеп, өзге тілде тақпақтар мен өлеңдер айтылды. Би үйірмесінің жетекшісі С.Бектен ұйымдастырылуымен биші қыздарымыз жақсы деңгейде өз өнерлерін көрсете білді.

Денешынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «1 мамыр – Халықаралық бірлік, ынтымақ» күніне орай мектебіміздің 2-4 сынып оқушылары арасында ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында «Тоғызқұмалақ» мектепішілік сайысы өткізілді.

6 мамыр күні «Бейбіт күн жасасын әлемде!» тақырыбында 2 « ә» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде аталып өтті. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Менің Бақытым – менің Қазақстаным » , 9 мамыр – Жеңіс күніне орай барлық сыныптарда «Ерлігім – елім үшін» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттар көрнекілікпен безендіріліп, бейнероликтер арқылы оқушыларға Ұлы Отан соғыс ардагерлері туралы мәліметтер түсіндірілді.

Ш.Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай 3 б сынып жетекшісі Г.Алтынбекова оқушыларымен мектеп кітапханашысы Д.Нұрханова «Шәкәрім ақын шалқарынан» атты әдеби кеш өткізді. Әдеби кеште оқушылар Ш.Құдайбердіұлының өмірінен көрініс көрсетіп, әндері мен өлең шумақтарын жатқа айтып өз өнерлерін көрсетті. Кеш шымылдығын кітапхана қызметкері

ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында әңгімелеп, ақынның өнері мен шығармашылық жолы дүние танудан, адам сезімінің сан алуан үйлесімділігін тоғыстырудан тұратынын байқаймыз.

15 мамыр Халықаралық отбасы күніне орай «Денсаулық FEST» толағай отбасылық спорттық жарыс өтті. Жарысқа мад тобы мен 1 сынып ата –аналары қатыстырылды, ұйымдастырушылар денешынықтыру пән мұғалімі Б.Асилбеков, Д.Абдыхахар. .Спорт зал кешені көрнекілікпен безендіріліп, жарыстың шарттары жақсы таңдалған. Жарысқа 5 отбасы қатысып, жарыс соңында жеңіспаз отбасылар жүлделі орындармен марапатталды. 16 мамыр күні «Балаларға арналған судағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында 1-4 сыныптар оқушылары арасында диктант жазылды, түсіндіру жұмыстары жүргізілді .

Мақсаты:

- Балаларға жазғы демалыс кезінде судағы қауіпсіздік ережелерін есте сақтауды;
- Оқыс оқиғалардың алдын алуды;
- Су - адам үшін қауіпті апат екендігі;
- Судың тереңдігінің деңгейін білуді;
- Суға түсуге арналған қауіпсіз, арнайы белгі қойылған жерде ғана шомылуға болатындығы түсіндірілді.

«Мамыр – Ынтымақ айы» іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес 2-4 сынып оқушылары арасында мектеп ауласын көгалдандыру , яғни гүл, ағаш көшеттері отырғызылды.

Білім негізі бастауыштан қаланатын оқушылық өмірдің бастапқы баспалдағын аяқтаған бүлдіршіндердің аяулы ұстазымен қоштасу рәсімі 23-24 мамыр күні мектебіміздің түлектері «Қош бол,бастауышым, балбұлағым!» тақырыбында бастауышпен қоштасты.

2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты «Білімім Отаныма» атты тақырыпта барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізіліп, оқушыларға «Коникулда кітап оқиық» тапсырмалары берілді, оқушылардың ата-аналарынан қауіпсіздік тіл хаты алынып, жазғы қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.

2023-2024 оқу жылына сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлау сапасы құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау. I-VI тоқсан бойынша ұсыныстар мен кемшіліктер.

Ұсыныстар: Тәрбие жұмысын жүйелендіру: Мектепте тәрбие жұмыстарын жоспарлау кезінде жалпы біртұтас концепцияны ұстану, яғни ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды ескере отырып, заманауи әдістемелерді қолдану. Бұл білім алушылардың рухани және мәдени тұрғыдан байытуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен тығыз байланыс: Ата-аналарды тәрбие жұмысында белсенді қатыстыру. Оларды тәрбие процесіне тарту арқылы ілім алушыларға мектеп пен отбасы арасындағы байланыс мықты екендігін көрсету. Оқушылардың тәртібін бақылау: Тәрбие жұмыстарында психологиялық кеңес беру қызметін күшейтіп, әр оқушының мінез-құлық өзгерістерін бақылау. Бұл оқушылар арасындағы қақтығыстарды азайтып, мектептегі жалпы тәртіпті нығайтады. Цифрлық технологияларды қолдану: Тәрбие шараларында цифрлық платформаларды, интерактивті әдістерді қолдану. Бұл қазіргі заман талабына сай болып, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Кемшіліктер: Ата-аналармен жеткіліксіз байланыс: Кейбір сыныптарда ата-аналардың мектепке келу байланыс жеткіліксіз, бұл оқушылардың тәрбиесіне кері әсер етуі мүмкін. Ата-аналарды тұрақты ақпараттандырып, кеңестер ұйымдастыру ұсынылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама оқушылардың азаматтық-патриоттық сезімін қалыптастыру, құқықтық сауаттылығын арттыру, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, салауатты өмір салтын ұстануға баулу және экологиялық мәдениетін жетілдіруге бағытталған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жылдық жоспарға сәйкес төрт тоқсан бойы жүзеге асырылды. 4-тоқсанда бағдарлама аясында әртүрлі бағыттар бойынша көптеген тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп, олардың тиімділігі талданып, қорытынды жасалды.